

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 маусымдағы N 572 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 16 маусымдағы N 661 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.11.15. N 1082 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Мемлекеттік органдардың шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне тексерулер жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 маусымдағы N 572 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 27, 254-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар е н г і з і л с і н :

2-тармақтағы "Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне мемлекеттік органдардың тексерулер жүргізу ережесінде: мынадай мазмұндағы 8-1-тармақпен толықтырылсын:

"8-1. Адам саны 10-нан аспайтын Шағын кәсіпкерлік субъектілерін салық органдарын қоспағанда, сондай-ақ қылмыстық істер қозғалғаннан басқа жағдайларда, мемлекеттік бақылаушы органдар ең жиі дегенде үш жылда бір рет т е к с е р у і м ү м к і н .

Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қаржы-шаруашылық қызметін тексеруді уәкілетті мемлекеттік органдар, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, жылына бір реттен жиі жүргізбейді.";

9-тармақтағы "30" деген сандар "15" деген сандармен ауыстырылсын;

14-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шағын кәсіпкерлік субъектісінің аумағына немесе үй-жайына кіру үшін қажет болса, арнайы р ұ қ с а т т а р д ы ; " ;

16-тармақ алынып тасталсын;

19-тармақтағы "осы Ереженің 3-тармағында" деген сөздер "Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде" деген сөздермен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы 19-1-тармақпен толықтырылсын:

"19-1. Түпнұсқа бухгалтерлік және өзге де құжаттарды алып қою мен алуға

тыйым салынады. Ерекше жағдайларда олар жасалатын құқық бұзушылықтың алдын алу шарасы ретінде не қылмыстық іс бойынша дәлел ретінде рұқсат етіледі." ;

24 - тармақ :

"шаралар" деген сөзден кейін "және мерзімдер" деген сөздермен толықтырылсын ;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Шағын кәсіпкерлік субъектілері актінің қандай ережелерімен өздерінің келіспейтіндігін актіде көрсетуге құқылы.";

25-тармақ мынадай редакцияда мазмұндалсын:

"25. Тексерулер аяқталғаннан кейін мемлекеттік бақылаушы органдардың қызметкерлері шағын кәсіпкерлік субъектісіндегі Келушілерді есепке алу кітабына тексеру жүргізушінің лауазымын, тегін, тексерудің мақсаты мен нәтижелерін көрсете отырып, белгі қояды.";

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*